

МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай бақшасы

Бұйрық № 78

Түркістан облысы Келес ауданы, Абай ауылы, Б.Қырғызәлиев көшесі № 15 Б ғимартта орналасқан №3 «Көркем» бөбекжай бақшасы 2024 жылдың 09-27 желтоқсан аралығында өзін-өзі бағалаудан өткізуге байланысты

Бұйырамын:

1. Түркістан облысы білім басқармасының Келес ауданының білім бөліміне қарасты №3 «Көркем» бөбекжай бақшасы 2024 жылдың 09-27 желтоқсан аралығында өзін-өзі бағалаудан өткізілсін.
2. №3 «Көркем» бөбекжай бақшасы Түркістан облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 22.10.2024 жылғы № 40-01-04/8314 санды хатын басшылыққа ала отырып, білім туралы Қазақстан Республикасы заңының 59 бабының 4 - І тармағына сәйкес мемлекеттік аттестациялауді өткізуге байланысты өзін өзі бағалау мақсатында комиссия құрамы бекітілсін.

Комиссия төрайымы:

Бөбекжай бақшасының меңгерушісі:

Ж.Абдикаримова

Мүшелері: Әдіскер:

А.Калмурзаева

Педагог – психолог:

А.Маденова

Саз жетекшісі:

Э.Иманкулова

Тәрбиеші:

Ж.Сеитова

3. Бөбекжай бақшасының өзін-өзі бағалау бойынша құжаттар әзірленсін.
4. Құжаттар топтамасы Түркістан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне 2025 жылдың 15 қаңтарына дейін жолдансын.
5. Құжаттарды әзірлеу жауапкершілігі әдіскер А.Калмурзаеваға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын өз құзырыма қалдырамын.

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі:

Ж.Абдикаримова


Бұйрықпен таныстырылды:

Калмурзаева А.Ж.

Маденова А.К.

Иманкулова Э.Н.

Сеитова Ж.Л.



Өзін-өзі бағалау нәтижесінде келесі ұсыныстар енгізіледі:

1. Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу.
2. Оқу іс-әрекет барысын ұйымдастыруда педагогтар жаңа технологияларды пайдалану және баланың тың дамуына мүмкіндіктер жасау.
3. Көркемдік шығармашылық байқауларға қатысуды ұйымдастыру, тәрбиеленушілер арасында сараптама жүргізіліп, жоспар жасау.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес педагог мамандарды өз уақытында біліктілікті арттыру курстық дайындықтардан өткізу.

Аттестаттау комиссия төрайымы:  Ж.Абдикаримова

Мүшелері:



А.Калмурзаева



А.Маденова



Э.Иманкулова



Ж.Сеитова

Түркістан облысы білім басқармасы
Келес ауданының білім бөліміне қарасты
№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ӨЗІН - ӨЗІ БАҒАЛАУ

Абай ауылы 2025 ж

**№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны туралы ақпараттық жалпы сипаттамасы**

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Түркістан облысы, Келес ауданының МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай бақшасы
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекен –жайы)	Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы, Б.Қырғызәлиев көшесі № 15 Б
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон,электрондық пошта вебсайт)	Абдикаримова Жанар Ильясовна Ұялы телефоны: 87759290171 Электрон пошта: korkem.3@mail.ru Ресми сайт: https://korkem-bobekzhay.kz/
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ТАӘ лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Абдикаримова Жанар Ильясовна, Келес ауданы, Абай ауылы МКҚК №3 «Көркем» бөбекжай бақшасына 2022 жылдағы 01-тамыз құрылтайшы шешімі бойынша меңгеруші қызметіне тағайындалған. Ұялы телефон: 87759290171 Эл пошт: korkem.3@mail.ru Ресми сайт: https://korkem-bobekzhay.kz/
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәлігінің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама Түркістан облысы, Әділет департаментінің Келес ауданының Әділет басқармасымен 2011 жылғы 14 ақпан берілген, мемлекеттік қайта тіркеу күні 14.02.2011ж
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Түркістан облысы Келес ауданы Абай ауылы №3 «Көркем» бөбекжай бақшасы қызметті жүзеге асыруы туралы хабарламаны қабылдау талоны № KZ92RVK0001 6776 Бөбекжай бақшаның ресми сайтында: https://korkem-bobekzhay.kz/
7	Құрылған жылы	2012 жыл
8	Типтік ғимарат	Екі қабатты сәйкестендірілген ғимарат
9	Топтар саны	6 топ
10	Балаларды оқыту туралы	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: I ауысым II ауысым
13	Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы минутпен	Кіші топ – 10-15 минут Орта топ – 15-20 минут Ересек топ – 20-25 минут МАД топ – 25-30 минут
14	МДҰ-ның жобалық әлеуметі	Бөбекжай бақша орны 150 балаға арналған. 6 топ жұмыс атқарады. Түркістан облысы Келес ауданы, Абай ауылы №3 «Көркем» бөбекжай бақшасының Жарғысы 01.09.2023 жылғы шешімімен бекітілген. Құжаттар

2. Кадрлық құрамға талдау. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтар дипломдарының көшірмелері қоса беріледі).

Келес ауданы, Абай ауылы, №3 «Көркем» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында педагогтар мен қызметкерлердің штаттық кестесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысын басшылыққа алынып белгіленген. Бөбекжай бақшасы қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары бөбекжай бақша бастауыш кәсіподақ келісімімен бекітілген. Әр қызметкер өз жұмысына сай лауазымдық нұсқаулықтармен таныстырылған. Бөбекжай бақша қызметкерлеріне жеке іс-құжаттары жүргізілген. Онда қызметкерлердің жеке куәлік көшірмесі, өмірбаяны, аттестаттау парағы, біліктілігін арттыру курстанынан өткен сертификаттарының көшірмелері, еңбек кітапшасы, жеке іс-парағы тіркелген. (жеке куәліктер, диплом, біліктілік курстары сертификаттары, көшірмелері) <https://korkem-bobekzhay.kz/> ресими сайтында жүктелді.

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасының тәрбие білім беру процесін басқару құрылымы келесідегідей: №3 «Көркем» бөбекжай бақшасы меңгерушісі – Абдикаримова Жанар Ильясовна, әдіскер Калмурзаева Айгерим Жорахановна, есепші Қалдыбаев Орынбасар Ауелбекович, мейірбике Омарова Дана Шалыбаевна, шаруашылық меңгерушісі Оңалбекова Лаззат.

Мекеменің ағымдық қызметін тікелей басқаруды, жұмыспен нормативтік құжаттарды орындауға бақылауды меңгеруші Абдикаримова Жанар Ильясовна №3 «Көркем» бөбекжай бақшасының жарғысы негізінде, «Білім туралы» Заңды, мектепке дейінгі мекемелер туралы Типтік ережелерді мемлекеттік билік пен органдарда бөбекжай бақшасының мүддесін қорғайтын жергілікті және нормативтік АКТ –лерді басшылыққа ала отырып жүзеге асырады. Әдіскер Калмурзаева Айгерим Жорахановна лауазымдық нұсқаулықтарға сай білім, тәрбие, әдістемелік қызметтерді жүзеге асырады, педагогикалық ұжым жұмысын бақылайды, балалармен жұмыс жасауда қолдануға арналған бағдарламалардың іске асуын, жылдық жоспардың негізгі бағыттарының орындалуын қадағалайды. Есепші Қалдыбаев Орынбасар Ауелбекович лауазымдық нұсқаулыққа сай кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүргізіп, материалдық және қаржылық қордың тиімді пайдалануын, заңды нормативтік және құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, есеп саясатын жүзеге асырады.

Медбике Омарова Дана Шалыбайқызы мектепке дейінгі ұйым балаларының үнемі медициналық қызмет көрсетуімен қамтамасыз етеді, лауазымдық нұсқаулыққа сай емдік –профилактикалық шараларды ұйысдастырады, нормативтік құжаттармен медициналық қызмет көрсету бойынша әдістемелік материалдарды басшылыққа ала отырып, бөбекжай бақшасындағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталуы мен орындалуын қадағалайды. Тәрбиеленушілер Қазақстан Республикасы Заңнамасымен белгіленген тағам өнімдерінің тұтыну нормасын есепке ала отырып теңестірілген тамақтанумен қамтамасыз етілгені.

Шаруашылық меңгерушісі Оңалбекова Лаззат лауазымдық нұсқаулыққа сай қызмет ету персоналының жұмысын ұйымдастырып, бақылайды, ғимарат, жайлардың, мектепке дейінгі мекеме айналасының жәй күйін қарайды, қажетті құралдармен жуу, дезинфекция құралдарымен жабдықтайды, мектепке дейінгі мекемедегі өртке қарсы,терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Барлық педагогтар саны	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша	Бастауыш сыныпта оқыту мамандығы бойынша	қазақ тілі	психолог	Саз жетекшісі
20	14	4	0	1	1

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының педагогтары туралы мәлімет

№	Қызметкерлердің аты-жөні	қызметі	Білімі	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Жаңаша біліктілік санаты	Декретте
1	Абдикаримова Жанар Ильясовна	Меңгеруші	жоғары	25 жыл	педагог		
2	Калмурзаева Айгерим Жорахановна	Әдіскер	жоғары	12 жыл	Педагог-сарапшы		
3	Арипова Фарида Таировна	Тәрбиеші	жоғары	11 жыл	Педагог-сарапшы		
4	Кунакова Эльмира Турекуловна	Тәрбиеші	жоғары	10 жыл	Педагог-модератор		
5	Сатыбалдиева Аманкул Мыктыбековна	Тәрбиеші	жоғары	11 жыл	Педагог-сарапшы		
6	Құлманова Рано Юсуповна	Тәрбиеші	жоғары	12 жыл	Педагог-сарапшы		
7	Умиралиева Нурсулу Чакпакбаевна	Тәрбиеші	жоғары	12 жыл			
8	Отыншиева Сауле Кошкарона	Тәрбиеші	жоғары	16 жыл			
9	Сейтова Жанна Леспековна	Тәрбиеші	жоғары	12 жыл	Педагог-сарапшы		
10	Турлыбекова Тилла	Тәрбиеші	жоғары	12			+

	Абылкасымовна			жыл			
11	Турымбетова Улжан Улановна	Тәрбиеші	жоғары	12 жыл	Педагог- модератор		
12	Иманкулова Эльмира Нарынбаевна	Ән жетекші	жоғары	4 жыл			
13	Маденова Айжан Калиходжақызы	Педагог- психолог	жоғары	2 ай			
14	Мамырбаева Гульнара Болатовна	Тәрбиеші	жоғары	9 жыл	Педагог- модератор		
15	Алибекова Гульдана Сарсенбаевна	Тәрбиеші	жоғары	7 жыл			
16	Сартбай Нуржамал Анаркулқызы	Тәрбиеші	жоғары	12 жыл	Педагог- модератор		
17	Омарова Сайлаукуль Шалыбаевна	Тәрбиеші	жоғары	25 жыл	Педагог- сарапшы		
18	Сугуралиева Лола Оңғарбаевна	Тәрбиеші	жоғары	9 жыл			+
19	Мамешова Фатима Файзуллаевна	Тәрбиеші	жоғары	16 жыл			
20	Лакбаева Жадра Илесовна	Тәрбиеші	жоғары	12 жыл	Педагог- сарапшы		

Соңғы үш оқу жылындағы кадрлар туралы барлық мәліметтер:

Көрсеткіштер	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Штаттық педагогтар саны, нақты жұмыс істейтін:	23	23	20
Менгеруші	1	1	1
Әдіскер	1	1	1
Ән жетекшісі	1	1	1
Тәрбиешілер	18	18	16
Психолог	1	1	1
Барлығы	23	23	20

Педагог қызметкерлердің білім деңгейінің талдауы

	Жалпы саны	Жоғары білімді	%	Арнаулы орта	%
2021-2022	23	23	100%	0	0 %
2022-2023	23	23	100%	0	0 %
2023-2024	20	20	100%	0	0 %

Педагогтардың санаттары бойынша талдауы

Оқу жылы	Жалпы саны	жоғары	бірінші	екінші	Санаты жоқ	Педагог шебер	Педагог зерттеуші	Педагог сарапшы	Педагог модератор
2021-2022	23				11			6	6
2022-2023	23				11			6	6
2023-2024	20				9			7	4

Педагогтардың біліктілікті арттыру туралы мәліметі:

Оқу жылдары	Барлық курстан өткен педагог саны	Оның ішінде «Өрлеу»	Оның ішінде ПШО
2021-2022 оқу жылы	23		
2022-2023 оқу жылы	23		
2023-2024 оқу жылы	20		
Барлығы	20		

Өзіндік білім көтеру – мұғалімінің және педагогикалық ұжымның кәсіби дамуының негізгі құралы.

Педагогтың кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру арқылы дамып отырады. Осыған орай арнайы жоспар құрылып сол жоспар жүзеге асырылады. Жоспарда жүйелі өтетін ашық ұйымдасқан оқу қызметтері түрлі сайыстар, байқаулар, іс-тәжірибелер және олимпиадаға қатысу кіреді. Сонымен бірге әр түрлі деңгейдегі курстар мен семинарларға қатысу да педагогтың білімін көтерудің жолдары болмақ. Психология мен педагогика ғылымдары жайындағы жаңалықтар мен озық тәжірибелерді үнемі пайдаланып, әр педагог еш кімге тәуелсіз кәсіби бақытты болады. Педагог шеберлігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі ғылыми жаңалықтармен озық алдыңғы қатарлы тәжірибені жеткізеру болса, демек сапалы, тиімді, нәтижелі ізденіс ұстаздың тынымсыз еңбегін көрсетеді.

Педагогтардың біліктіліктерін жоғарлату – тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың кешенді шығармашылық процесі. Үш жылда бір реттен кем емес курстардан өту барысында жүзеге асырылатын біліктілікті жоғарылату жүйесі педагогтың педагогикалық сауатты жұмысының негіздемесі болып табылады.

3.Тәрбиеленушілердің контингенті. Бөбекжай бақшада мемлекеттік тапсырыс 150 балаға арналған.

Бөбекжай бақшада 6 топ, 150 бала тәрбиеленуде. 150 баланың жолдамасы бар. Топтардың қатысу журналы уақытылы толтырылады. Бала саны белгіленген жолдамалармен сәйкес. Ата-аналармен келісім шарттар жасалып екі жақтың

келісімі қол қойылып, мөрленген. Жас ерекшеліктеріне қарай төмендегідей топтарға бөлінген:

1. Кіші «Сұңқар» тобы (2 жастан бастап)
2. Ортаңғы «Балапан» тобы (3 жастан бастап)
3. Ортаңғы «Балдәурен» тобы (3 жастан бастап)
4. Ортаңғы «Балбөбек» тобы (3 жастан бастап)
5. Ересек «Айналайын» тобы (4 жастан бастап)
6. МАД «Ботақан» тобы (5 жастан бастап)

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әр түрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (жас топтары тізімдерінің көшірмелері) ресімі <https://korkem-bobekzhay.kz/> интернет ресурстарында орналастырылды.

4.Оқу әдістемелік жұмыс.

Түркістан облысының Келес ауданы, Абай ауылы №3 «Көркем» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2025 жылы қаңтар айында аттестатциядан өтеді.

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Абай ауылы, Б.Қырғызәлиев көшесі №15 Б орналасқан. №3 «Көркем» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу білім беру қызметін:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына;

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарына, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Бұдан әрі-үлгілік оқу жоспарлары);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына «Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізімінде № 14235 болып тіркелген» (бұдан әрі үлгілік оқу бағдарламасы);

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген , өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған. Білім беру

бағдарламаларына сәйке жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының денсаулық министрлігінің 2021 жылғы 09 шілдедегі № 59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдар және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» Санитарлық қағидаларды басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды. Осы стандарт мектепке дейінгі білім беру саласындағы бірінғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуді көздейді. Мектепке дейінгі сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Стандарт педагогикалық процесінің инновациялық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, жас топтарының пәндік дамытушылық ортасының мазмұнын анықтайды, балалардың физикалық, психикалық денсаулығының мәселелерін шешеді. Мотор және гигиеналық мәдениетті қалыптастырады, танымдық, шығармашылық белсенділікті дамытуға ықпал етеді, сөйлеудің дамуын ынталандырады, есте сақтау қиялын дамыту процесстері эмоционалды жауаптылық, эмпатия қабілеті, толеранттылықты көрсетуге дайын болу, коммуникативті қатынастар.

Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты бөбекжай бақшадағы білім беру процесінің тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі құжат болып табылады. Үлгілік оқу жоспары жас топтары бойынша бір аптадағы ұйымдастырылған оқу қызметінің тізімін, көлемін, ұзақтығын реттейтін құжат:

Оқу жасының жүктемесі санитарлық-гигиеналық нормалармен құқықтарға сәйкес келеді.

Оқу жоспарының мақсаты – балардың физикалық қасиеттерін, коммуникативтік дағдыларын, танымдық және зияткерлік дағдыларын, шығармашылық зерттеу дағдыларын, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларын дамыту.

Оқу жоспарының негізгі міндеттері: Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру, отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру, санау салыстыра ойлау қабілеттерін Интеллектум және робототехника, бестемше ойындары арқылы дамыту, балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау, қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез құлық нормаларын меңгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту.

Оқу жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына 1 қосымша мектепке дейінгі тәрбие меноқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартта көрсетілген мектеп жасына дейінгі баланың базалық құзыреттіліктерін қалыптастыруды толық көлемде қамтамасыз еткен.

Оқу жұмыс жоспары негізінде: жас бойынша преспективалық жоспарлар, балалардың тіршілік әрекетінің ұйымдастыру циклограммалары әзірленеді.

Оқу жоспарын іске асыру оқу іс әрекетін ұйымдастырудың әр түрлі нысандарымен әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады: топпен, кіші топтармен, жеке-жеке, жұппен жұмыс, балалардың жеке жас ерекшеліктеріне, сондай-ақ бағдарламалық материалдың күрделілігіне байланысты қолданылады. Бөбекжай бақшадағы оқу тәрбие процесі 1 аптаға балалардың өмірін ұйымдастырудың преспективалық күнтізбелік жоспарына және циклограммаларына сәйкес жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыру тәрбиеші деңгейінде және бала деңгейінде оқу іс әрекетін басқару іс-әрекеттерінің кешенін қамтитын канспектiлерінде көрсетiлген. Балалалмен жұмыс iстейтiн барлық педагогтар ұйымдастырылған оқу iс әрекетiн барысында ересектер және құрдастарымен достық негiзiнде қарым - қатынас жасауға деген ұмтылысын қалыптастыруға ықпал етедi.

Педагогикалық ұжым педагогикалық процессте әр түрлі технологияларды қолданады.

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасында жылдық жоспар мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жедел басқару құралы ретінде қаралады. Жылдық жоспар-білім беру бағдарламасында белгіленген міндеттермен іс-шараларды нақтылау. 2022-2025 оқу жылдарға арналған жылдық жоспарларда:

- Білім беру процесіндегі проблемаларды шешу жөніндегі нақты іс – шаралар;
- Тәрбиешілердің кәсіби өсуіне әдістемелік қолдау жүйесі;
- Педагогтардың жұмыс тәжірибесін қалыптастыру;
- Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру мақсатында инновацияларды енгізу;
- Педагогтар жылдық жоспарды оқу жылының белгілі бір негізгі міндеттерін қарастырады;
- Жоспарлаудың негізгі міндеттері:
- Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, дамыту және эмоционалдық саулығы мәселелері бойынша мемлекттік органдардың шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етуде;
- Педагогикалық ұжым қызметіндегі басты, түйінді мәселелерді бөлуде;
- Нақты іс шараларды, олардың орындалу мерзімдерін және жауапты орындаушыларды анықтауда;
- Ұжым мүшелерінің жауапкершілігімен тәртіптілігін қадағалауда;
- Жылдық жоспарларда балалардың кантингенті, түзету жұмысы;
- Тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы;
- Барлық бағыттар бойынша МЖМБС орындау нәтижелері;
- Мектепте оқытуға дайындық деңгейі;
- Педагогтардың біліктілігін арттыру және аттестаттау нәтижелері;
- Ата-аналармен жұмыс жүйесі;
- Әкімшілік шаруашылық жұмыстың қорытындылары сияқты параметрлер көрініс табатын өткен оқу жылындағы жұмыстың талдауы қамтылады.

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесі бойынша педагогикалық ұжым әр оқу жылына арналған мақсаттары мен міндеттер анық талап қойылады.

Жылдық жоспар мектепке дейінгі ұйымның педагогтарына жалпы білім беру жұмысының тиімді жоспарлануының қаншалықты ойластырылғаны, сауатты жүзеге асырылуына байланысты. Сондықтан олар оқу жылына арналған перспективалық жоспарды, күн тәртібінде балалардың өмірін ұйымдастырудың циклограммаларын жасауға толық жауапкершілікпен қарайды. Мектепке дейінгі ұйымдағы барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бөбекжай бақшаларына арналған СанЕмН 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ -59 бұйрығы, Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1 қосымша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленіп, оқу жұмыс жоспары құрылған.

Педагогикалық ұжымның қызметін жүйелі талдау және проблемалық мәселелерді талқылау педагогикалық кеңестерде жүзеге асырылады. Бөбекжай бақша ғимараты 2 қабатты, сәйкестендірілген, материалдық техникалық базасы заман талабына сай жабдықталған. Жылу жүйесі, кәріз жүйелері, автономды. Су орталықтандырылған. Бөбекжай бақша өрт, дабыл қондырғыларымен, бейнебақылау камераларымен және дабыл түймешесімен жабдықталған.

Бөбекжай бақшасында медициналық кабинет жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте ем шара бөлмесі, окшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал-сайман жабдықтармен жабдықталған. Бөбекжай бақшасының алаңы өз дәрежесінде жабдықталған. Жеке топтарға арналған ойын алаңдары, балалар ойнайтын құралдар, әр топқа жеке балалар отырып ойнайтын көлеңкелі қоршау орындығымен (беседка), гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған.

Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу-жоспарларының көшірмелері <https://korkem-bobekzhay.kz/> ресіми интернет ресурстарында жүктелген.

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасында 2022 – 2023, 2023-2024 оқу жылдары және 2024-2025 оқу жылының осы аталған кезеңіне дейін білім беру ұйымында педагог мамандары мен тәрбиешілердің преспективалық жоспарлары топтар бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген. «Қазақстан Республикасы Оқу Ағарту минитрлігі балаларды ерте дамыту институты ұсынған мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқауы преспективалық жоспарлар жасау барысында басшылыққа алынған. Бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар мен циклограмма <https://korkem-bobekzhay.kz/> ресіми интернет ресурсында орналастырылды.

Қазіргі Қазақстанның жағдайында мемлекеттік саясаттың негізгі басылымдылықтарының бірі барлық адамдардың білім алу құқықтарының теңдігі. Ал білімнің қолжетімді болуын қамтамасыз ететін алғы шарт – инклюзивті орта. Инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балалардың, соның ішінде мүмкіндіктері

шектеулі балаларды жалпы білім процесіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзету – педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Бұл өзекті мәселе әлем бойынша жылдар бойы талқыға түсіп, бүгінге дейін барынша оңтайланып жетілдіру үстінде. Өткен 100 жылдықтың аяғынан бастап, инклюзивті білім беруді дамыту әлемнің көптеген елдерінде (АҚШ, Ұлы Британия, Дания, Испания, Финландия, Германия, Италия, Австралия және т.б) білім беру саясатының жетеші бағдарына айналады.

Демек, баланы балабақшадан бастап болашақ өмірге бейімдеу, дені сау адамдардың арасында өздерін жайлы сезіну үшін қолайлы жағдай жасау –қазіргі білім жүйесінің басты міндеті болып табылады.

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасында инклюзивті білім берілмейді, өйткені мүмкіндігі шектеулі балалар жоқ. Дегенмен бөбекжай бақшада инклюзивті білім беруге төмендегідей жағдай жасалған.

Білім беру ұйымдары ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларға жағдай жасауды қамтамасыз ету барысында бөбекжай бақшаға кіру арнайы жабдықтармен яғни пандус, кіру алаңында және тайғанамайтын кіре берістің бар болуы, бөбекжай бақшасы қолжетімдік белгісін орнату және бөбекжай бақшасының қозғалыс белгілері, марштың алдында релф жолақтарының бар болуымен және брайлмен жабдықталған. 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ұйымдар тәрбиелеу білім беру қызметін: «Білім берудің барлық деңгейінің, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым минитсрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген. (Бұдан әрі стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында ; «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі ота, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-аналардың қамқорлығынысыз қалған балаларға білім беру орындарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу Ағарту минитрлгінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінінде 2022 жылғы 31 тамыздағы № 29329 болып тіркелген) (Бұдан әрі үлгілік қағидалар» Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларында;

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы негізіндегі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі үлгілік оқу жоспарлары)

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бұдан әрі-Үлгілік оқу бағдарламасы)

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

Физикалық дамыту;

Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

Шығармашылық дағдыларды зерттеу іс-әрекетін дамыту;

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік – эмоционалды дағдыларын қалыптастыру, келесі іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

Сөйлеуді дамыту;

Көркем әдебиет;

Сауат ашу негіздері;

Қазақ тілі;

Сенсорика;

Математика негіздері;

Құрастыру;

Қоршаған ортамен таныстыру;

Сурет салу;

Мүсіндеу;

Жапсыру;

Музыка;

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3 рет тәрбиешімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене шынықтыру,

сауықтыру шаралары (таң ертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және тағы басқа әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

2024-2025 оқу жылындағы жылдық жоспар дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;

Балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әр түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;

Тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым- қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруге;

Өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;

Тәрбиеленушілерді әлеуметтік мәдени нормаларға қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша:

Бөбекжай бақшаның жылдық жоспарларының мақсаты, міндеттері:

1. Кіріспе бөлімі

Алғы сөз. Бөбекжай бақшасының 2024-2025 оқу жылындағы материалдық базасы.

Бөбекжай бақшасының инновациялық төлқұжаты.

Жоспарлауда ескертілген негізгі дерективті құжаттар. 2023-2024 оқу жылының негізгі мақсаты мен міндеті.

1.5. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы

2 Бөлім . Педагог кадрлардың кәсіби, теориялық, әдістемелік және іскерлік біліктілігін көрсету.

2.1. 2023-2024 оқу жылына арналған іс шаралар кестесі.

2.2. Педагогтардың іскерлік дағдысын көтеру.

2.3. Біліктілік құқықты көтеру.

2.4. Семинар (бөбекжай бақша ішілік)

2.5. Озық педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау.

2.6. Әдістемелік кеңес

3-бөлім

- 3.1. Педагогикалық кеңес;
- 3.2. Өндірістік кеңес;
- 3.3. Меңгеруші жанындағы кеңес.

4-бөлім. Балалармен жұмыс

- 4.1. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау.
- 4.2. Сауықтыру және шынықтыру шараларының жоспары;
- 4.3. Жол көлік жарақаттарын болдырмауға алдын ала өткізілетін іс-шаралар;
- 4.4. Азаматтық қорғаныс бойынша өткізілетін іс – шаралар.
- 4.5. Ертеңгіліктер мен мерекелердің жоспары;
- 4.6. Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеттері;

5-бөлім. Бақылау мен басшылық

5.1. Оқу-тәрбие үрдісіндегі бақылау мен басшылық.

6. Қоғамдық және жанұялық тәрбие. Жылдық жоспар жыл басында мөрленіп, бекітілген. Жылдық жоспар бойынша педагогикалық кеңестер өз уақытымен өткізіліп, материалдары жинақталып, хаттамалары жазылған. Бөбекжай бақша ішлік аттестациялық комиссияның жұмыс жоспарына сай бұйрықтары шығарылып, сараптамалық хаттамалары жазылған.

2024-2025 оқу жылында жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының мақсаты:

1. Әлеумет құзыреттілігінің мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларды қолайлы әлеуметтендіру, балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға отбасы қоғам және мемлекеттің дәстүрлеріне баулу болып табылады.

«Қоршаған ортамен танысу»

2. Коммуникативті дағдыларды дамыту ересектер мен балалар мен еркін араласу дағдыларын дамыту, зейінділікке, сөйлеуге және балалар әдебиетіне деген қызығушылықтарын дамытып, таныс сюжеттер бойынша еретегілерді сахналай білу шығармашылығын дамыту.

(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, орыс тілі)

Міндеті:

-Айналадағы адамдармен араласуға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін қажетті коммуникативтік дағдыларды дамыту.

-Мемлекеттік орыс тілдерін дамыту,

3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуда қоршаған әлеммен өзара іс-қимыл үшін қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген мектепке дейінгі тұлғаны қалыптастыру.

(Жаратылыстану, Құрастыру, Қарапайым математика)

-Сандық есептеу дағдыларын жетілдіру, кеңістікті және уақытты бағдарлау Құрылыс табиғи қалдық материалдар бөліктерін құрастыруды жетілдіру.

- Тірі және өлі табиғат заттарымен маусымдық құбылыстар, өсімдіктер туралы білімін кеңейту. Күтілетін нәтиже:

Тірі және өлі табиғат заттары мен маусымдық құбылыстар, өсімдіктер туралы білімдері және табиғаттың ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейтеді.

Жаңартылған білім беру мазмұны арқылы балаларға сапалы тәрбие мен білім беруде инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу.

Балабақшада ұсынылатын қызмет сапасын жоғарылату, күн сайын артып отырған ата-аналар талаптарын қанағаттандырып, балалардың негізгі білім, білік дағдыларын қалыптасытырып, шығармашылық қабулеттерін дамыту мақсатында инновациялық технологиялар кеңінен қолданылуда. Балабақшада «Педагогикалық шеберлік орталығында» педагогтарымыз Жаңартылған білім мазмұны бойынша түйінді идеяларын негізге алып жұмыс жасауда.

Инновациялық технологиялар:

«Сиқырлы хаттар» технологиясы

«Денсаулық» технологиясы»

Ақпараттық-компьютерлік технология

Дамытушы әдістер:

В.В.Воскобовичтің ойын әдісі

Н.А.Зайцевтің текшелері

Ф.Фербель ойын құралы

Никитин кубиктері.

Монтессоррийнің ойын технологиясы

Құм терапиясы

Мнемотехника технологиясы

«Әуенді кесте»

2023-2024 оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттері

Креативтілікті коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік – тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа заманауи сапасына қол жеткізу, баланың дамуы мен танымдық қабілетін жүйелі түрде әлеуметті дағдысын қалыптастыру. Балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығымен әлеуметтік дағдысын қалыптастыру.

Балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу.

Күтілетін нәтиже:

Жаңартылған білім беру мазмұны арқылы сапалы тәрбие мен білім беруде инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу. Қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, тәрбиеленушілердің білім алуын қамтамасыз ету.

Қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім білік дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру. Оқу үдерісін ұйымдастыру жөніндегі ішкі басқару құжаттары төмендегі реттілік бойынша жинақталған:

1. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары.
2. Педагог кадрлардың сандық сапалық құрамы.

3. Барлық педагогтардың біліктілікті арттыру туралы мәліметі (5 жылға кесте түрінде)
4. Балабақша ішілік аттестациялық комиссиясының жұмыс жоспары.
5. Педагогикалық кеңес материалдары, хаттамалары.
6. Әдістемелік кеңес материалдары
7. Ата-аналармен жұмыс жоспары
8. Лауазымдық міндеттер (меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, орыс тілі маманы, жұмысқа қабылданған бұйрықтары)
9. Жолдамалар
10. Балалардың қатысу журналы
11. Ата-аналар мен келісім шарт
12. Педагог қызметкерлердің перспективалық жұмыс жоспарлары.
13. Бөбекжай бақшадағы қолданыстағы бағдарламалар, әдістемеліктер
14. Инновациялық технологиялардың қолданылуы
15. Бөбекжай бақшадағы тәрбиеленушілердің қала, облыс, республикас көлемінде іс-шараларға қатысу көрсеткіші. (кесте түрінде дипломдары).

Бағаланатын кезеңге оқу жылдарының жұмыс жоспарлары, бөбекжай бақшасының <https://orzu-bb.kz> ресми сайтына орналастырылған.

5. Оқу материалдық активтер:

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында жабдықтар мен жиһазға жабдықтауға жүк құжаттарының көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері, жиһаз және жабдықтармен қамту туралы ақпараттар бөбекжай бақшасының <https://orzu-bb.kz> ресми интернет ресурстарына орналастырылды.

Бөбекжай бақшасында балалардың өмірі мен денсаулығын қорғаудың басты мақсаты сауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау және қамтамасыз ету. Тәрбие мен ұйымдастырылған білім беру процесінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау.

Қазіргі өмір қауіпсіз өмірді қамтамасыз ету қажеттілігін дәлелдеді, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерін, ата-аналар мен балаларды әлеуметтік, техногендік, табиғи және экологиялық қолайсыздық жағдайында қауіпсіз өмір салтына үйретуді талап етті. Бұл жағдай жұмысты 3 бағытта жүйелеу қажеттілігіне әкелді: Болау, үйрету, қорғау. Бөбекжай бақшасындағы қауіпсіздік ұғымы бұрын бұндай аспектілерді қамтыды: балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, бөбекжай бақшасындағы қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету. Бірақ қазіргі кезде қауіпсіздік мәселесіне көзқарас өзгерді, оған экологиялық ақпарат және терроризм сияқты ұғымдар кірді.

Бөбекжай бақшаға ұжымының қызметі балалардың, қызметкерлердің, ата-аналардың бөбекжай бақшада қауіпсіз болуын қамтамасыз ету үшін іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға бағытталған.

Білім беру процесіне қатысушылардың кешенді қауіпсіздігіне біз:
Терроризмге қарсы қорғалу жөніндегі шаралар;
Өртке қарсы қауіпсіздік шаралары;
Санитарлық – эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;

Балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету шаралары;
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша шаралар;
электр қауіпсіздігі бойынша шаралар (жыл сайын оқшаулау кедергісін өлшеу жүргізілді; электр қауіпсіздігі бойынша жауапты адам оқудан және білімін тексеруден өтеді)

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмысты осындай бөлімдер бойынша құрамыз; Нормативтік – құқықтық базаны құру.

Қауіпсіз өмір сүру үшін жағдай жасау.

Қызметкерлер жұмыс.

Ата-аналармен жұмыс

Балалармен жұмыс

Мектепке дейінгі мекемеде нормативтік-құқықтық база құрылды: Терроризмге қарсы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі туралы заңнамалық және нормативтік құжаттар. Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты әзірленіп, ІД мен келісіліп, бекітілді. Сонымен қатар, ақпараттық құжаттар (нұсқаулықтар, жадынамалар, ақпарат) бөбекжай бақшаның сайтында орналастырылған.

Қауіпсіздік мақсатында 22 бейне бақылау орнатылды. Соның ішінде: 18 топта, ауласында 4, ішкі коридорда 2. Бөбекжай ғимаратының кіріс есігінде аулаға қаратылған -2.

Терроризмге қарсы қауіпсіздікті сақтау барысында бөбекжай бақшасының ішінде 18 бейнебақылау орналастырылса, сыртта 4 бейнебақылау орнатылған. Мекеме бойынша бұйрықтар шығарылып, келесі құжаттар әзірленді:

Мекеменің күзету тәртібі, өткізу режимі, қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлердің міндеттері айқындалған терроризмге қарсы қорғанысты қамтамасыз ету туралы бұйрық, жауапты адамдар тағайындалады. Террористік актілер мен төтенше жағдайлар қауіпі туындаған кездегі персоналдың іс-қимылы бойынша жадынамалар бар. Мекемеде түнгі уақытта күзетшімен кезекшілік орнатылған.

Мектепке дейінгі ұйымда өртке қарсы жұмыстарға үлкен көңіл бөлінеді. Бөбекжай бақшасындағы өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған. Эвакуациялау жолдары қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкес келеді. Қарсылықты өлшеу уақытылы жүргізіледі. Нысан өрт дабылымен жабдықталған.

Жыл сайын өрт сигнализациясына қызмет көрсетуге шарт жасалады, оған ай сайын қызмет көрсету журналда тіркеледі. Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар өткізіледі. Бастапқы өрт сөндіру құралдары-өрт сөндіргіштер 10 дана көлемінде,

өрт сөндіру құралы 6 дана және эвакуациялау жолдары мен қосалқы шығу жолдары тиісті жағдайда арнайы қамтамасыз етілген.

Топтарда педагогтар үшін және басқа санаттағы қызметкерлердің жұмыс орындарында террористік акт немесе төтенше жағдай қауіпі туындаған кездегі іс-қимыл бойынша жадынамалар бар, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Жопарлы және жоспардан тыс нұсқамалар жүргізіледі. Өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздік бойынша ақпараттар бар. Онда шұғыл қызметтердің телефондары, нұсқаулықтар мен жадынамалар орналастырылған. Өртке қарсы қауіпсіздік ремімінің орындалуы жүзеге асырылады.

Білім беру процесінде пайдаланылатын жабдықтарын, аспаптардың, оқытудың техникалық және көрнекті құралдардың қауіпсіздігіне; тіршілік қауіпсіздігі нормалары мен қағидаларының талаптарына сәйкес топтық акт залының сондай ақ ас блогының санитарлық гигиеналық жағдайына бақылау жүргізіледі.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Бөбекжай бақшасы оқу-әдістемелік әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен, балалар көркем әдебиетімен жабдықталған. Әдістемелік әдебиеттер білім беру саласы бойынша жүйеленген.

Бөбекжай бақшасындағы педагогикалық қызметті ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қолдау мақсатында қазақстандық «Мектепке дейінгі тәрбие», «Басшының анықтамалығы», «Отбасы және балабақша», «Мектепке дейінгі білім беру басқармасы», «Музыкалық жетекшісі», «Балабақшадағы Психолог», «Өзін өзі тану», «Өзін-өзі тану», «Оңтүстік ұстаздар», «Әлем land» журналдарымен «Bilim kids» және «Ұстаз тілегі» сайттарымен етілген.

МДҰ-дағы тәрбие-білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету толықтыру мен жаңғыртуды талап етеді. Топтардағы дидактикалық материалдар стандарт талабына сай жабдықталған. «Жыл мезгілдері», «Балабақша», «Өсімдіктер», «Ойыншықтар», «Көлік», «Жәндіктер», «Жемістер», «Мамандықтар» дидактикалық материалдары, балалар жазушылары мен ақындарының, әлем әдеби классик жазушыларының портреттері орналасқан. Кітап бұрышы, кітапхана қоры суреттері, оқу әдістемелік кешендер туралы мәліметтер <https://orzu-bb.kz> ресми интернет ресурсында орналастырылды.

7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау:

МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әр бір білім беру дағдылары және әр бір іс-әрекет бойынша жас топтары бойынша менгеруге тиіс жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру.

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны педагогтары бала дамуын үнемі бақылау арқылы тәрбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін анықтау қарастырылып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізіледі. 2022-2023, 2023-

2024 оқу жылындағы бастапқы, аралық қорытынды кезеңдерімен 2024-2025 оқу жылындағы балалардың біліктіліктерімен дағдыларының дамуын бастапқы және аралық бақылау нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әр бір балаға толтырылған. Жеке даму карталарында білім беру дағдылары бойынша түзету іс-шаралары көрсетілген және күнделікті балалармен күн бойы түзету жұмыстары жүргізілуде.

Көшірмелер <https://korkem-bobekzhay.kz/> ресіми сайтында орналастырылды.

8.Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамалар жиынтығы <https://korkem-bobekzhay.kz/> ресіми интернет-ресурста орналастырылды.

7. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары: Көмекшілердің бірі зияткерлік бақылауға және шығармашылық, көркемдік байқауларға қатысу ұйымдастырылмаған. Алдағы, уақытта қолға алып, бөбекжай бақша әкімшілігіне жоспар жасап, педагогтарға тапсырма берілуі бөбекжай бақша әдіскері А.Калмурзаеваға жүктелсін.

8. Қорытынды мен ұсынымдар:

№3 «Көркем» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзіндік бағалау 2025 жылы қаңтар айында өтті.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анамының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2022 жылғы 31 тамыз № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына; «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (бұдан әрі үлгілік оқу жоспарлары);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына 1 –қосымша Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 № 422 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасайды.

1.Мектепке дейінгі ұйымда Педагогикалық ұжым оқыту-тәрбиелеуде жұмыстарының озық үлгідегі жаңалықтарымен тәжірибе алмасып, сапасына баса назар аударады.

2. Мектепке дейінгі ұйымда көңіл-күймен психологиялық жағдайды қалыптастыру және балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

Мектепке дейінгі ұйымда нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып , «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бағдарламалыры бойынша оқыту-тәрбиелеу жұмысын одан әрі сапалы жүргізу.

Инновациялық технологиялармен, білім бер салалары бойынша кіріктірілген оқу қызметтерін, жаңартылған білім мазмұны бойынша жұмыс жасауды жалғастыру. Педагогтардың іс-тәжірибелерін республикалық баспасөз беттері мен әдістемелік құралдар жазуға, педагогтардың авторлық бағдарламаларды шығару жұмыстарына Қорытынды: МКҚК №3 «Көркем» б/бақшасының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Сәйкес келген жағдайда өлшеуіштер бойынша бағалау ұсынылды.

Өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымын бағалау
Өлшемшарттардың «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар» 1-қосымшасына сәйкес талдау жүргізілді:

1 тармағы 1.1 тармақшасының «МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы» делінгенінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 100 % болды, «uzdik» «5» бағаға анықталды.

1 тармағы 1.2 тармақшасының «Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру» бағыттар және бағалау өлшемшарттары бойынша бойынша ұлттық білім беру деректер қорыда интернет жылдамдығы 10 Мб/с- деп көрсетілген, демек, «zhaqsy» «4» бағамен бағаланды.

1 тармағы 1.3 тармақшасының «Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері» бағыттар және бағалау өлшемшарттары бойынша Тәрбиеленушілер қашықтықтан немесе күндізгі қалалық зияткерлік конкурстардың жеңімпаздары, жүлдегерлері немесе облыстық деңгейдегі қатысушылары болып табылған, «ortasha» «3» бағаға бағаланды.

Тәрбиеленушілер күндізгі немесе қашықтықтан өтетін халықаралық және республикалық зияткерлік конкурстарына қатысу ұсынылды.

1 тармағы 1.4 тармақшасының «Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері» бағыттар және бағалау өлшемшарттары бойынша тәрбиеленушілер күндізгі және сырттай халықаралық немесе республикалық деңгейдегі байқаулар мен шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздары, жүлдегерлеріне немесе қатысушылар болып табылған, «uzdik» «5» бағаға

бағаланды.

Өлшемшарттардың 2 тармағы «Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» 2.1 тармақшасы «МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасын-да айқындалған әрбір ұйымдастырылған іс әрекеті мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру» бағыттар және бағалау өлшемшарттары бойынша 82,2 %-дан астам респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған, демек, «uzdik» «5» бағаға бағаланды.

Сауалнаманың нәтижесі негізінде Келесі әдістемелік ұсыным енгізіледі:

- респонденттер «Толық келіспеймін», «Келіспеймін», «Жауап беруге қиналамын» деп жауап берген дағдыларды қалыптастыру бойынша тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жүргізу ұсынылды.

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде ұсыныстар енгізіледі:

- «Педагогикалық процесті ұйымдастыруда бағдарлама талаптары сақталсын.
- Пәндік дамытушы орта толыққанды толықтыру жалғастырылсын.
- Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу;

- Іс-әрекет барысын ұйымдастыруда педагогтар жаңа технологияларды пайдалану, баланың дамуына тың мүмкіндіктер жүргізілсін;

- Көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысуды ұйымдастыру, тәрбиеленушілер арасында сараптама жүргізіп, жоспар жасау;


- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес педагог мамандарды өз уақытында бес жылда бір рет курстық дайындықтардан өткізу.

- «МДТО МЖМББС талаптарына сәйкес келеді». «Балапан» бөбекжай-балабақшасының өлшеуіштер бойынша қорытынды бағасы: «zhaqsy» «4»

Комиссияның хаттамалық шешімі «27» желтоқсан 2024 жыл

Комиссия төрайымы:  **Ж.Абдикаримова, балабақша меңгерушісі**

Комиссия мүшелері: 


 **А.Калмурзаева, балабақша әдіскері**
А.Маденова, балабақша психологы
Э.Иманкулова, балабақша ән жетекшісі
Ж.Сейтова, балабақша тәрбиешісі

Кемшіліктер мен ескертулер:

	Бұзушылық сипаты	Талабы бұзылған МЖМББС тармағы	Әдістемелік ұсынымдар (НҚА бабы (тармағы))
	1-қосымша		

1	МДТО МЖМББС 4-тармақ 1) тармақша талабына сәйкес келмейді.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының» 1- қосымшасына сәйкестендіру.
2		
3		

Өзін-өзі бағалау нәтижесінде Келесі ұсыныстар енгізіледі:

- «Педагогикалық процесті ұйымдастырғанда жалпы талаптар» (Қ.Р МЖМББС – 1.001 – 2013), сонымен қатар пәндік–дамытушы ортаны ұйымдастырғанда жалпы талаптарды орындау барыстарын жалғастыру;

- Педагогтарға тәрбиеленушілердің бағалау көрсеткішін дұрыс сараптауға кеңестер өткізу;

- Іс-әрекет барысын ұйымдастыруда педагогтар жаңа технологияларды пайдалану, баланың дамуына тың мүмкіндіктер жасау;

- Көркемдік шығармашылық конкурстар мен байқауға қатысуды ұйымдастыру, тәрбиеленушілер арасында сараптама жүргізіп, жоспар жасау;

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес педагог мамандарды өз уақытында бес жылда бір рет курстық дайындықтардан өткізу.

Комиссия төрағасы А.А.

Комиссия мүшелері: А.А.

Өзін-өзі бағалау нәтижесі:

- «МДТО МЖМББС талаптарынна сәйкес келеді/сәйкес келмейді».

Білім беру ұйымының өлшеуіштер бойынша қорытынды бағасы:

Комиссияның хаттамалық шешімі «27» желтоқсан 2024 жыл

Комиссия төрағасы

А.А.

.....А.А. Жерикаришова

Комиссия мүшелері

А.А.

.....А.А. Калимуллина

жұмылдыру.

А.А.
А.А.
А.А.

А.А. Маденова
А.А. Маманжолбаева
А.А. Сеитова